

## **Жаппай мал санағын жүргізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1996 жылғы 18 қыркүйек N 445-ө Шаруашылықтардың барлық санаттарындағы мал саны туралы мәліметтердің толық нақтылығына қол жеткізу мақсатында:

1. Облыстардың, аудандардың, қалалардың, поселкелердің (ауылдардың) әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 1996 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша шаруашылықтардың барлық санаттарында, шаруа (фермер) қожалықтарын және жеке аулаларын қоса, меншік иелерімен келісім бойынша, жаппай мал санағын жүргізсін.

Облыстардың және Алматы қаласының әкімдері жауапты қызметкерлер құрамында-экономика жөніндегі комитеттердің, облыстық ауыл шаруашылығы басқармаларының және статистика жөніндегі облыстық басқармаларының өкілдерінен мал санағын ұйымдастыру бойынша комиссия құрсын.

2. Мемлекеттік статистика органдары мал санағын жүргізу тәртібі және есеп беру мәліметтерін ұсыну мерзімі жөнінде барлық жерде нұсқау беру жұмысын ұйымдастырсын.

3. Облыстардың, аудандардың, қалалардың, поселкелердің (ауылдардың) әкімдері, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі ұрлықтан қорғауға бағытталған шаруа (фермер) қожалығындағы, жеке ауладағы малды түгендеу, қолда жеммен, шөппен бағуды және өндірілген өнімдерді өткізу рыногы арқылы қамтамасыз ету жөнінде халық арасында түсіндіру жұмысын жүргізсін және 1996-1997 жылдары, шаруашылықтардың барлық санаттарында малды түгендеуді ұйымдастырсын.

4. Қазақстан Республикасының Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитеті мал санағын өткізу бойынша ұйымдастырушылық және әзірлік жұмысын жүргізсін, барлық облыстық бөлімшелерді санақ қорытындыларын шығаруға арналған қажетті материалдармен қамтамасыз етсін. Облыстар бойынша мал санағы мәліметтерін қорытып, 1996 жылғы 28 қазанға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынатын болсын.

5. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі 1996 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша жаппай мал санағын өткізуге байланысты шараларға арналған Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетінің шығындарын Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің операциялық шығындары (індетке қарсы шаралар) құрамында 1996 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаржы есебінен 500 мың теңге сомасында қаржыландырсын.

6. Осы өкімнің орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі мен Статистика және талдау жөніндегі мемлекеттік комитетіне жүктелсін.

Премьер-Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ